



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ТӘУЕЛСІЗ
АГЕНТТІГІ СЫРТҚЫ САРАПШЫСЫНЫҢ
САРАПШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН
РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ

ЕРЕЖЕ

Астана 2015

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ СЫРТҚЫ САРАПШЫСЫНЫҢ САРАПШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕ

І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу рәсімін өткізу саласында Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) сыртқы сарапшыларына (бұдан әрі – сарапшылар) қойылатын басты біліктілік талаптарын айқындайды. Ереже сарапшы ретінде жеке адамның өкілеттіктерін белгілеуді, сарапшының өкілеттіктерін ұзартуды/тоқтатуды, Сарапшылар базасын жүргізу қағидаларын, сондай-ақ аккредиттеу процесінде сараптама жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу және оларды осы процеске жұмылдыру қағидаларын регламенттейді.

Сыртқы сарапшының қызметі Агенттіктің Білім беру ұйымдарын аккредиттеу процесінде сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқауға сәйкес жүзеге асырылады.

Агенттік жұмысының маңызды қағидаты құпиялылық болып табылады. Агенттікке келіп түсетін барлық ақпарат және құжаттама құпия болып табылады және тек мақсаты бойынша, яғни білім беру ұйымын және/немесе білім беру бағдарламасын бағалау және аккредиттеу үшін пайдаланылады.

ІІ. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Сыртқы сараптамаларды жүргізу жоспарына сәйкес үміткерлерді іріктеу өткізіледі. Осы іріктеу мақсатты топқа бағдарланған (студенттерге, жұмыс берушілерге және академиялық қоғамдыстықтың өкілдеріне талаптардағы айырмашылықтар назарға алынады).

Академиялық қауымдастықтың өкілдері – сарапшыларды, оның ішінде шетелдік сарапшыларды аккредиттелген агенттіктер номинациялауы не қызмет саласы немесе мүдделер саласы біліммен немесе ғылыммен байланысты қоғамдық және кәсіби органдардың, ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың мүддесін білдіруі тиіс. Іріктеу өлшемшарттары:

1. білім саласындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес;
2. ғылыми дәрежесі және/немесе атағы, педагогикалық қызметкерлер үшін жоғары санаты немесе әкімшілік-басқарушылық персонал үшін басшы лауазымда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;
3. оқытушылық, ғылыми-зерттеу жұмысында кемінде 3 жыл өтілі;
4. сараптама пәніне сәйкес келетін қызмет бейіні;

5. Агенттіктің немесе шетелде тиісті агенттіктердің немесе ұйымдардың семинар-тренингтерінің шеңберінде оқытудан өтуі болып табылады.

Сыртқы сараптаманы өткізу кезінде жұмылдырылатын **академиялық қауымдастықтың өкілдері – шетелдік сарапшылар** Агенттіктің сыртқы сарапшылар жөніндегі деректер базасына енгізілген сарапшылардың қатарынан ұсынылады. Деректер базасына енгізу үшін басқа елдердің мойындалған аккредиттеу агенттіктерінің серіктес-агенттіктерінің ұсынымы қажет.

Сыртқы сарапшыларды іріктеу кезінде Агенттіктің сыртқы сарапшылар комиссияларының (бұдан әрі – ССК) құрамындағы оларды жұмысы туралы пікірлер назарға алынады.

Сарапшы:

- Қазақстан Республикасының ғылым және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің өзекті нұсқаларын, Еңбек кодексін, «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңын, аккредиттеу рәсімін регламенттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді;

- қызметтік ақпаратпен және дербес деректермен жұмыстың тәсілдері мен әдістерін;

- аккредиттеудің тиісті түріне сәйкестікті жүргізу жөніндегі Агенттіктің стандарттары мен нұсқауларын;

- аккредиттеу процесінің барысында білім беру ұйымдары және/немесе білім бағдарламалары мәлімдеген стандарттардың Агенттік стандарттарына, сондай-ақ мемлекеттік талаптарға сәйкестігін бағалауды жүргізу тәсілдерін;

- аккредиттеу сараптамасы жөніндегі комиссиялар қорытындыларының мазмұнына және ресімделуіне талаптарды, сондай-ақ білім беру ұйымын және/немесе білім бағдарламасын аккредиттеу сараптамасының рәсімін жүзеге асыру барысында дайындалатын құжаттарды **меңгерген болуы тиіс.**

Сарапшы:

- ақпаратқа талдау жүргізуі, жүйелуі және жинақтай білуі;

- өз есептері мен институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі білім беру ұйымдарының есептерін рецензиялай білуі;

- сауалнама жүргізуі және оның нәтижелерін өңдеуді жүзеге асыруы;

- сұрау жүргізу, сұхбат алу және ауызша және жазбаша коммуникацияның басқа әдістері арқылы ақпарат жинауды жүзеге асыруы;

- әр алуан ресурстарды бағалауы;

- компьютерлік техника құралдарын және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, комиссияның қорытындысын және сараптама бойынша басқа да құжаттарды ресімдеуі;

- ССК сапарының нәтижелері туралы есепті ресімдеуі және қалыптастыруы;

- аккредиттеу сараптамасын өткізу процесінде басқа сарапшылармен, аккредиттеу органымен, білім беру ұйымымен өзара іс-қимыл жасауы;

- білім беру ұйымының білім бағдарламаларына (оның ішінде оқу жоспарлары, жұмыс оқу бағдарламаларына, пәндер (модульдер)) және білім алушыларды тәрбиелеуді және даярлау сапасы мен рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін басқа да материалдарына, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін оқу және өндірістік практика бағдарламаларына, күнтізбелік оқу жоспарларына, әдістемелік материалдарға талдау жүргізуі;

- білім беру ұйымдарының білім алушылары мен түлектерінің мемлекеттік білім стандарттары мен талаптарына сәйкестігін (сәйкессіздігін) анықтауы тиіс.

Сарапшы өз біліктілігінің деңгейін білім саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістерін (оның ішінде мемлекеттік білім беру стандарттары мен талаптарын), аккредиттеу сараптамасын өткізудің нысандары мен әдістерін жетілдіруді, біліктілігін арттыру арқылы, сондай-ақ өзіне өзі білім беру жолымен компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды дамытуды ескере отырып, Агенттік белгілеген талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуі тиіс.

Сарапшы Агенттік және/немесе өзге де ұйымдар өткізетін семинарларға, конференцияларға және өзге де іс-шараларға қатысады.

III. САРАПШЫЛАРДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУЫ

Сарапшының этикалық кодексі (1-қосымша) білім берудің сапасын және оның дамуын бағалауда ең үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында сарапшы басшылыққа алуы тиіс негізгі мінез-құлық қағидаларын белгілейді. Білім беру ұйымының және/немесе білім беру бағдарламасының аудитіне қатысушы сарапшылардан жоғары этикалық стандарттар: кәсібилік, адалдық, риясыздық және әділдік сақтау талап етіледі. Осыған байланысты Агенттіктің әрбір сарапшысы Кодексте жазылған барлық міндеттемелерді орындау үшін өзіне жауаптылық алады.

1. Кәсібилік

1.1. Сарапшы мамандарды даярлау бағыттарының бірінде кәсіби болуы тиіс.

1.2. Сарапшылар комиссиясының мүшелері Агенттіктің өлшемшарттарына бағдарламаның бағаланатын көрсеткіштерінің сәйкестігін мұқият зерделеу арқылы аудит процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін өзіне жауаптылық қабылдайды.

1.3. Сарапшылар комиссиясының мүшелері осы Ережені және Агенттіктің талаптарын бұзған жағдайда, сарапшы сертификатының жарамдылығын жою және одан әрі Агенттіктің Сарапшылар базасынан алып тастау үшін өзіне жауаптылық алады.

2. Мүдделер қақтығысын шешу

Сарапшылар комиссиясының мүшелері бағалау процесінің объективтілігіне және сенімділігіне кедергі келтіретін әрекеттерден аулақ болуы тиіс, атап айтқанда:

2.1. нақты білім беру ұйымының аудитіне тағайындаған кезде сарапшы аффирленген, оның ішінде осы білім беру ұйымымен қандай да болмасын жақын байланыстары болған жағдайда, Агенттіктің міндеттерімен осы сарапшы мүдделерінің қайшылықтарын болдырмау үшін, олар туралы Агенттікке хабарлауы тиіс.

2.2. Сарапшының бағалауға қатысуына кедергі болатын себептер мыналар болуы мүмкін: осы білім беру ұйымында қазір немесе бұрын жұмысқа орналасуы, білім беру ұйымын және/немесе бағаланатын білім беру бағдарламасын аккредиттеу процесі бойынша консультациялық қызметтер көрсету, жұмысқа ықтимал орналасу туралы бұрынғы немесе қазіргі келіссөздер, осы білім беру ұйымында оқуы, қаржылық мүдделердің болуы.

2.3. Білім беру ұйымын және/немесе білім беру бағдарламасын бағалауды жүргізу кезінде сарапшылар комиссиясының мүшелері Агенттіктің мүдделерін теріс пайдалану жағдайларын тудыруы мүмкін әлуетті кездесулер мен шешімдерден өз еркімен шеттетілуі, сондай-ақ білім беру ұйымының және/немесе білім беру бағдарламасының сапасын бағалау процесінің объективтілігіне ықпал етуі мүмкін олардың жеке мүддесінің аккредиттеу мүдделерімен барлық айқын және әлуетті қайшылықтары туралы хабарлауы тиіс.

2.4. Сарапшылар комиссиясының мүшелеріне білім беру ұйымдарынан ақшалай сыйлықақы немесе аудиттің нәтижелеріне ықпал етуі мүмкін басқа да сыйлықтар қабылдауға қатаң тыйым салынады.

2.5. Сарапшылар комиссиясының мүшелері даярлау сапасын риясыз және объективті бағалауды қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымы өкілдерінің ықпалынан аудит процесінің тәуелсіздігін сақтауы тиіс.

3. Құпиялылық

3.1. Сарапшылар комиссиясының мүшелері (комиссияның төрағасы, сарапшылар және бақылаушылар) құпия ақпаратты жарияламау бойынша өздеріне міндеттемелер қабылдайды.

3.2. Өзін өзі зерттеу материалдары мен аудит барысында алынған және сарапшылар комиссиясының есептілік нысанына енгізілген ақпарат тек Агенттік жүргізетін білім беру ұйымын және/немесе білім беру бағдарламасын бағалау мақсатында пайдаланылуы мүмкін және жеке пайдасы үшін пайдаланыла алмайды.

3.3. Алынған ақпараттың үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін емес, білім беру ұйымының және Агенттіктің келісімінсіз жарияланбауы тиіс.

3.4. Сарапшылардың жұмыс құжаттары мен жазбалары Агенттіктің ішкі құжаттары болып табылады және тартуға жатпайды. Құжаттардың, ережелердің мазмұны Агенттіктің зияткерлік меншігі болып табылады. Жұмыс

құжаттарындағы және жазбалардағы сарапшылардың бағалары мен пікірлері білім беру ұйымдарының өкілдеріне хабарланбайды.

3.5. Сарапшылар комиссиясының есебін дайындау білім беру ұйымы өкілдерінің қатысуынсыз жүргізілуі тиіс.

3.6. Аудит рәсімінің басталуы алдында сарапшылар комиссиясының мүшелері «Мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы АРТА сарапшысының арызына» қол қояды және оны Агенттікке тапсырады.

3.7. Аудит процесі аяқталғаннан кейін комиссияның төрағасы, Агенттіктен бақылаушы және білім беру ұйымынан өкіл аккредиттеуге ұсынылған білім беру ұйымының және/немесе білім беру бағдарламасының сараптамасына қатысқан сарапшылардың жұмысын, кәсібилігін және этикалық мінез-құлқын бағалау үшін пікір жазады.

The logo for ARТА is a large, light purple circle. Inside the circle, the word "ARТА" is written in a bold, sans-serif font. The letters are also light purple, matching the circle's color. The circle is composed of two thick, curved lines that meet at the top and bottom, forming a complete circle around the text.

ARТА